

"Ішкі істер органдары қызметкерлерінің нысанды киімінің сипаттамасын, айырым белгілерін, сондай-ақ оны киіп жүру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 27 қыркүйектегі № 707 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2025 жылғы 29 мамырдағы № 400 бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің нысанды киімінің сипаттамасын, айырым белгілерін, сондай-ақ оны киіп жүру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 27 қыркүйектегі № 707 бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

Қоса беріліп отырған Ішкі істер органдары қызметкерлерінің нысанды киімдерінің сипаттамасы, айырым белгілері, сондай-ақ оны киіп жүру қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Тыл департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

2) осы бұйрыққа қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде оның мемлекеттік және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілердің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңдама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң мен нормашығармашылықты үйлестіру департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Аппарат басшысына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі полиция генерал-лейтенанты*

Е. Саденов

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің

**Ішкі істер органдары қызметкерлерінің нысанды киімінің сипаттамасы, айырым белгілері,
сондай-ақ оны киіп жүру қағидалары**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы бұйрық нысанды киімнің сипаттамасы, айырым белгілері, сондай-ақ оны киіп жүру қағидалары бойынша (бұдан әрі – Бұйрық) әскери-тергеу органдарын, Ұлттық ұланды қоспағанда, ішкі істер органдары (бұдан әрі – ПО) қызметкерлерінің нысанды киімінің сипаттамасын, айырым белгілерін, сондай-ақ оны киіп жүру тәртібін айқындайды.

2. Нысанды киімнің айтарлықтай белгілері түстері мен конструкцияларының үйлесімділігі, сондай-ақ айырым белгілері мен сәндік элементтер, оның ішінде погондар, фурнитуралар болып табылады.

3. Киім нысаны – нысанды киім заттарының сыртқы белгілері бойынша біріздендірілген жиынтығы.

4. ПО-ның қызметкерлері нысанды киімді қатаң түрде осы Қағидаға сәйкес киеді. Нысанды киімнің киілетін заттары белгіленген үлгілер мен сипаттамалар талаптарына жауап беруі, мұқият пішілген болуы және кіршіксіз жағдайда ұсталуы тиіс.

5. Қызметкерлер жұмыс уақытында белгіленген тәртіппен қызметте азаматтық киім киюге рұқсат етілген адамдарды қоспағанда, олар үшін белгіленген киім нысанын тиісінше берілген арнаулы атағына сәйкес киюге міндетті.

6. ПО қызметкерлерінің киім нысандарының түрлері: парадтық, күнделікті және арнайы.

Жоғары басшы құрамның парадтық киім нысаны іс-шараларға қатысуына байланысты жинақталады.

7. Киім нысанының әрбір түрі жазғы, қысқы және маусымдық болып бөлінеді.

8. ПО қызметкерлерінің нысанды киімі белгіленген киім нысандарына сәйкес:

1) парадтық – рәсімдерді орындау, парадтарға, салтанатты іс-шараларға қатысу, наградаларды тапсыру, ресми қабылдауларда, халықаралық келіссөздер мен шетелдік делегациялардың кездесулері, ПО қызметкерлерінің ескерткіштері мен зираттарына гүл шоқтарын қою, сондай-ақ құрмет көрсету көзделген адамды жерлеген кезінде;

2) күнделікті – күнделікті қызмет атқару кезінде, қызметтік кеңестер мен жиналыстарда, ведомствоаралық жұмыс отырыстарында, қызметтік мәселелер бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында сөз сөйлеу кезінде;

3) арнайы – оқу-жаттығуларда, жиындарда, далалық шығуларда, оқу орталықтарындағы сабақтарда, жедел жағдай күрделенген кезде, полигондарда, әскери жағдай енгізілген кезде, сондай-ақ ПО басшысының нұсқауы бойынша күнделікті қызмет атқару кезінде киіледі.

9. Осы бұйрықта нысанды киім элементтерінің барлық өлшемдік сипаттамалары сантиметрмен (бұдан әрі – см) және миллиметрмен (бұдан әрі – мм) көрсетілген.

10. Нысанды киім заттарының, пайдаланылатын маталар мен материалдардың егжей-тегжейлі техникалық сипаттамаларын, олардың құрамы мен мазмұнын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі – ИМ) Тыл департаменті нысанды киімнің әрбір затына тікелей техникалық сипаттама түрінде айқындайды.

11. Жетекшілік ететін қызмет нысанды киім-кешекке (мүкәммалдық мүлікке) техникалық сипаттамаларды Тыл департаментімен келісе отырып, әзірлейді.

12. Осы бұйрықта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) нысанды киім – белгіленген үлгідегі нысанды және арнайы киім-кешек: киім, аяқ киім, амуниция, фурнитура, мүкәммалдық мүлік, жалпы пайдаланылатын мүлік, жылы заттар, іш киім, арнайы киім мен мүлік, спорттық киім мен аяқ киім;

2) айырым белгілері – арнайы атақтар мен ПО-ға тиесілігін білдіретін нысанды киім жабдықтарының элементтері;

3) погондар – тиісті арнаулы атақтарды білдіретін ПО қызметкерлерінің нысанды киіміндегі айырым белгілері;

4) шеврондар – қызметкердің ПО-ға тиесілігін айқындайтын, түрлі түсті үйлесімдерімен, бейнелерімен және жазулармен ерекшеленетін жеңдік айырым белгілері;

5) омырауға тағатын жапсырмалар – бір-бірінің мазмұны мәтіндік жазулармен және түстердің үйлесімдерімен ерекшеленетін, оның ішінде қызметкердің ПО-ның жекелеген қызметтеріне тиесілігін айқындайтын айырым белгілері.

2-тарау. ПО қызметкерлерінің нысанды киім заттарының сипаттамасы

1-параграф. Жоғары басшы құрам

13. Парадтық киім нысаны:

1) жазғы (1-қосымша, 1, 3, 4-суреттер):

парадтық фуражка қара-көк түсті;

қара-көк түсті парадтық мундир және қара-көк түсті шалбар;

жеңі ұзын ақ түсті жейде;

парадтық галстук;

қара түсті шалбарға тағатын белбеу;

парадтық белдік;

алтын түсті аксельбант;

ақ түсті биялай;
қара түсті қысқа қонышты бәтеңке.
сарғыш түсті парадтық фуражка;
сарғыш түсті парадтық мундир және қара-көк түсті шалбар;
жеңі ұзын/қысқа ақ түсті жейде;
парадтық галстук;
қара түсті шалбарға тағатын белбеу;
ақ түсті биялай;
қара түсті қысқа қонышты бәтеңке.

2) қысқы (1-қосымша, 2, 5-суреттер):

сұр түсті қаракөлден тігілген папаха;
сұр түсті қаракөл жағасы бар парадтық пальто;
қара-көк түсті парадтық мундир және қара-көк түсті шалбар;
жеңі ұзын ақ түсті жейде;
қара түсті шалбарға тағатын белбеу;
парадтық галстук;
парадтық белдік;
алтын түсті аксельбант;
ақ түсті биялай;
ақ түсті кашне;
қара түсті жылы бәтеңке.

сұр түсті қаракөлден тігілген папаха;
сұр түсті қаракөл жағасы бар парадтық пальто (белдіксіз);
сарғыш түсті парадтық мундир және қара-көк түсті шалбар;
жеңі ұзын ақ түсті жейде;
парадтық галстук;
қара түсті шалбарға тағатын белбеу;
ақ түсті биялай;
ақ түсті кашне;
қара түсті жылы бәтеңке.

14. Күнделікті киім нысаны:

1) жазғы (1-қосымша, 6, 7, 8-суреттер):

күнделікті фуражка;
күнделікті китель және шалбар;
жеңі ұзын/қысқа күнделікті жейде;
күнделікті галстук;
қара түсті шалбарға тағатын белбеу;
қара түсті қысқа қонышты бәтеңке.
күнделікті фуражка/жазғы кепи (бейсболка);

ұзын жеңді/қысқа жеңді күнделікті костюм;
күнделікті футболка;
қара түсті шалбарға тағатын белбеу;
қара түсті қысқа қонышты бәтеңке.

2) маусымдық (1-қосымша, 9-сурет):

күнделікті фуражка;
маусымдық плащ;
күнделікті китель және шалбар;
жеңі ұзын күнделікті жейде;
күнделікті галстук;
қара түсті шалбарға тағатын белбеу;
қара түсті биялай;
қара түсті қысқа қонышты бәтеңке.

3) қысқы (1-қосымша, 10, 11, 12-суреттер):

сұр түсті қаракөлден тігілген құлақшын;
сұр түсті қаракөл жағасы бар жылы күрте/сұр түсті қаракөл жағасы бар қара түсті
былғары пальто;

күнделікті шалбарымен китель немесе пуловер шалбарымен;
жеңі ұзын күнделікті жейде;
күнделікті галстук;
қара түсті шалбарға тағатын белбеу;
қара түсті кашне;
қара түсті биялай;
қара түсті жылы бәтеңке.

15. Арнайы киім нысаны:

1) жазғы (1-қосымша, 13-сурет):

бүркеніш түсті кепи;
бүркеніш түсті жазғы костюм;
ұзын қонышты бәтеңке.
арнайы жазғы костюм;
ұзын қонышты бәтеңке.

2) қысқы (1-қосымша, 14,15-суреттер):

- сұр түсті қаракөлден тігілген құлақшын;
- қаракөл жағасы бар бүркеніш түсті қысқы костюм;
- бүркеніш түсті пуловер;
- ұзын қонышты жылы бәтеңке.

сұр түсті қаракөлден тігілген құлақшын;
арнайы жылы костюм;
ұзын қонышты бәтеңке.

2-параграф. ПО қызметкерлерінің парадтық киім нысаны

16. Парадтық киім нысаны:

Жазғы:

Жоғары басшы құрамы және оқу орындарының курсанттарын қоспағанда, барлық қызметтер үшін (1-қосымша, 16, 17-суреттер):

Ерлер:

парадтық фуражка;

парадтық мундир және шалбар;

жеңі ұзын ақ түсті жейде;

галстук;

қара түсті шалбарға тағатын белбеу;

парадтық белдік;

алтын түсті аксельбант;

ақ түсті биялай;

қара түсті қысқа қонышты бәтеңке.

Әйелдер:

парадтық фуражка;

парадтық мундир және белдемше;

жеңі ұзын ақ түсті блузка;

галстук;

парадтық белдік;

алтын түсті аксельбант;

ақ түсті биялай;

қара түсті туфли.

Басқарма аппараттарының қызметкерлері үшін (1-қосымша, 18-сурет):

Ерлер:

парадтық фуражка;

жеңі қысқа ақ түсті жейде;

шалбар;

қара түсті шалбарға тағатын белбеу;

қара түсті қысқа қонышты бәтеңке.

Әйелдер:

парадтық фуражка;

жеңі қысқа ақ түсті блузка;

белдемше;

қара түсті туфли.

3-параграф. ПО басқармалары аппараттарының ер қызметкерлері

17. Полиция басқармалары аппараттарының (бұдан әрі – ПБА) ер қызметкерлеріне Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі-Қазақстан Республикасы ІІМ) орталық аппаратының, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және республика астанасының, көліктегі полиция департаменттерінің, қалалық, аудандық, қалалардағы аудандық, кенттік, көліктегі басқармалардың (бөлімдердің) басқару аппараттарының қызметкерлері, Қазақстан Республикасы ІІМ білім беру ұйымдарының тұрақты аттестатталған құрамы, Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фельдъегерлік қызметі" республикалық мемлекеттік мекемесінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі мемлекеттік мекемелері басқармалары аппараттарының қатардағы және басшы құрамы, кезекші бөлімдердің, көші-қон және кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспекторлар, саптық бөліністердің командалық құрамы (полк, батальон командирлері мен олардың орынбасарлары), ішкі істер органдарының қылмыстық-атқару жүйесінің (бұдан әрі – ҚАЖ) қызметкерлері жатады.

18. Күнделікті киім нысаны:

1) жазғы (1-қосымша, 19, 20, 21, 22, 23-суреттер):

күнделікті фуражка;

күнделікті китель және шалбар;

жеңі ұзын күнделікті жейде;

күнделікті галстук;

қара түсті шалбарға тағатын белбеу;

қара түсті қысқа қонышты бәтеңке.

күнделікті фуражка / жазғы кепи (бейсболка);

қысқа жеңді / ұзын жеңді күнделікті костюм;

күнделікті футболка;

қара түсті шалбарға тағатын белбеу;

қара түсті қысқа қонышты бәтеңке.

2) маусымдық (1-қосымша, 25-суреттер):

күнделікті фуражка / маусымдық кепи (бейсболка);

маусымдық күрте;

ұзын жеңді күнделікті костюм;

күнделікті футболка;

қара түсті шалбарға тағатын белбеу;

қара түсті қысқа қонышты бәтеңке.

3) қысқы (1-қосымша, 27, 29-суреттер):

қаракөл құлақшын (полковниктерге арналған)

жылы құлақшын;

жылы күрте;

ұзын жеңді күнделікті костюм/пуловер;

күнделікті футболка;
қара түсті шалбарға тағатын белбеу;
қара түсті биялай;
қара түсті жылы бәтеңке.

4-параграф. ПО басқармалары аппараттарының әйел қызметкерлері

19. ПБА әйел қызметкерлеріне Қазақстан Республикасы ІІМ орталық аппаратының, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және республика астанасының, көліктегі полиция департаменттерінің, қалалық, аудандық, қалалардағы аудандық, кенттік, көліктегі басқармалардың (бөлімдердің) басқару аппараттарының қызметкерлері, Қазақстан Республикасы ІІМ білім беру ұйымдарының тұрақты аттестатталған полиция құрамы, Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фельдъегерлік қызметі" республикалық мемлекеттік мекемесінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі мемлекеттік мекемелері басқармалары аппараттарының қатардағы және басшы құрамы, кезекші бөлімдердің, көші-қон және кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспекторлар, қатардағы бөліністердің командалық құрамы (полк, батальон командирлері және олардың орынбасарлары), ішкі істер органдарының ҚАЖ қызметкерлері жатады.

20. Күнделікті киім нысаны:

1) жазғы (1-қосымша, 19, 20, 21, 22, 23, 24-суреттер):

күнделікті фуражка;
күнделікті китель және белдемше;
жеңі ұзын күнделікті блузка;
күнделікті галстук;
қара түсті туфли.
күнделікті фуражка/жазғы кепи (бейсболка);
қысқа жеңді/ұзын жеңді күнделікті костюм;
күнделікті футболка;
қара түсті туфли.
жазғы кепи (бейсболка);
нысанды көйлек;
қара түсті туфли.

2) маусымдық (1-қосымша, 26-суреттер):

күнделікті фуражка/маусымдық кепи (бейсболка);
маусымдық күрте;
ұзын жеңді күнделікті костюм;
күнделікті футболка/ақ түсті;
қара түсті туфли.

3) қысқы (1-қосымша 28, 29-суреттер):

қаракөл құлақшын (полковниктер үшін);
жылы құлақшын;
жылы күрте;
ұзын жеңді күнделікті костюм
пуловер;
күнделікті футболка;
қара түсті биялай;
қара түсті жылы қысқа қонышты етік.

5-параграф. ПО патрульдік полиция қызметкерлері

21. Патрульдік полиция қызметкерлерінің, оның ішінде туристік полиция қызметкерлерінің (бұдан әрі – ПП) нысанды киімі.

22. Күнделікті киім нысаны:

1) жазғы (1-қосымша, 30, 31-суреттер):

жазғы кепи (бейсболка);

сигналдық кеудеше (жазғы);

қызмет өткеруге арналған арналған ұзын жеңді/қысқа жеңді костюм;

күнделікті футболка/ақ түсті футболка;

футболка (поло) күнделікті/ақ түсті;

қара түсті шалбарға тағатын белбеу;

қызмет өткеруге арналған жазғы қысқа қонышты бөтеңке.

2) маусымдық (1-қосымша, 32-сурет):

маусымдық кепи (бейсболка);

сигналдық кеудеше (жазғы);

қызмет өткеруге арналған арналған ұзын жеңді костюм;

қызмет өткеруге арналған маусымдық костюм;

күнделікті/ақ түсті футболка;

қара түсті шалбарға тағатын белбеу;

қызмет өткеруге арналған маусымдық бөтеңке.

3) қысқы (1-қосымша, 33, 34-суреттер):

қаракөл құлақшын (полковниктерге арналған);

жылы құлақшын;

тоқылған қалпақ;

қысқы сигналдық кеудеше;

қызмет өткеруге арналған жылы костюм;

қызмет өткеруге арналған арналған ұзын жеңді костюм;

қызмет өткеруге арналған пуловер;

күнделікті футболка/ақ түсті;

қара түсті шалбарға тағатын белбеу;

қара түсті биялай;

қызмет өткеруге арналған жылы бәтеңке.

Жаңбырлы ауа райында нысанды киімнің үстіне арнайы желбей-костюм киіледі (1-қосымша, 35-сурет).

6-параграф. ПО учаскелік полиция инспекторлары

23. Учаскелік полиция инспекторларының (бұдан әрі – УПИ) және олардың көмекшілерінің нысанды киімі.

24. Күнделікті киім нысаны:

1) жазғы (1-қосымша, 36, 37-суреттер):

жазғы кепи (бейсболка);

қызмет өткеруге арналған арналған ұзын жеңді/қысқа жеңді костюм;

күнделікті/ақ түсті футболка (поло);

күнделікті/ақ түсті футболка;

қара түсті шалбарға тағатын белбеу;

қызмет өткеруге арналған жазғы қысқа қонышты бәтеңке.

2) маусымдық (1-қосымша, 38-сурет):

маусымдық кепи (бейсболка);

қызмет өткеруге арналған арналған ұзын жеңді костюм;

қызмет өткеруге арналған маусымдық костюм;

күнделікті/ақ түсті футболка;

қара түсті шалбарға тағатын белбеу;

қызмет өткеруге арналған маусымдық бәтеңке.

3) қысқы (1-қосымша, 39-сурет):

қаракөл құлақшын (полковниктер үшін);

жылы құлақшын;

тоқылған қалпақ;

қызмет өткеруге арналған жылы костюм;

қызмет өткеруге арналған ұзын жеңді костюм;

қызмет өткеруге арналған пуловер;

күнделікті/ақ түсті футболка;

қара түсті шалбарға тағатын белбеу;

қара түсті биялай;

қызмет өткеруге арналған жылы бәтеңке.

7-параграф. ПО сыртқы қызметі

25. ПО сыртқы қызметтерінің (бұдан әрі – СҚ) қызметкерлеріне, метрополитенде қызмет ететін, мамандандырылған күзет қызметтерінің, кинологиялық және табиғатты

қорғау қызметтерінің, арнайы мекемелердің уақытша ұстау изоляторларының, арнайы қабылдау орындарының, қабылдау-тарату орындарының, айдауылдау, ішкі істер органдарының ғимараттарын күзету жөніндегі қызметтердің қызметкерлері жатады.

26. Күнделікті киім нысаны:

1) жазғы (1-қосымша, 40-сурет):

жазғы кепи (бейсболка);

қызмет өткеруге арналған арналған ұзын жеңді/қысқа жеңді костюм;

күнделікті/ақ түсті футболка (поло);

күнделікті/ақ түсті футболка;

қара түсті шалбарға тағатын белбеу;

қызмет өткеруге арналған жазғы қысқа қонышты бәтеңке.

2) маусымдық (1-қосымша, 41-сурет):

маусымдық кепи (бейсболка);

қызмет өткеруге арналған арналған ұзын жеңді костюм;

қызмет өткеруге арналған маусымдық костюм;

күнделікті/ақ түсті футболка;

қара түсті шалбарға тағатын белбеу;

қызмет өткеруге арналған маусымдық бәтеңке.

3) қысқы (1-қосымша, 42-суреттер):

қаракөл құлақшын (полковниктер үшін);

жылы құлақшын;

тоқылған қалпақ;

қызмет өткеруге арналған жылы костюм;

қызмет өткеруге арналған арналған ұзын жеңді костюм;

қызмет өткеруге арналған пуловер;

күнделікті/ақ түсті футболка;

қара түсті шалбарға тағатын белбеу;

қара түсті биялай;

қызмет өткеруге арналған жылы бәтеңке.

8-параграф. ПО полицей-жүргізушілері

27. ПО полицей-жүргізушілеріне жүргізушінің функцияларын тікелей атқаратын қызметкерлер жатады.

Қызмет бағыты бойынша функцияларды орындайтын полицей-жүргізушілер (патрульдік полиция, сыртқы қызмет) осы бөліністің заттай нормаларына сәйкес киінеді

28. Күнделікті киім нысаны:

1) жазғы (1-қосымша, 21, 22-суреттер):

жазғы кепи (бейсболка);

қызмет өткеруге арналған арналған ұзын жеңді/қысқа жеңді костюм;
күнделікті футболка (поло);
күнделікті/ақ түсті футболка;
қара түсті шалбарға тағатын белбеу;
қара түсті қысқа қонышты бәтеңке.
2) маусымдық (1-қосымша, 25-сурет):
маусымдық кепи (бейсболка);
маусымдық күрте;
ұзын жеңді күнделікті костюм;
күнделікті/ақ түсті футболка;
қара түсті шалбарға тағатын белбеу;
қара түсті қысқа қонышты бәтеңке.
3) қысқы (1-қосымша, 27-сурет):
жылы құлақшын;
тоқылған қалпақ;
жылы күрте;
ұзын жеңді күнделікті костюм/пуловер;
күнделікті/ақ түсті футболка;
қара түсті шалбарға тағатын белбеу;
қара түсті биялай;
қара түсті жылы бәтеңке.

9-параграф. ПМ білім беру ұйымдарының курсанттары

29. Парадтық және күнделікті киім нысаны:

1) жазғы (1-қосымша, 17, 19, 20, 21, 22-суреттер):

4 курс курсанттарына:

күнделікті фуражка;

күнделікті шалбары (белдемшесі) бар китель;

ақ түсті немесе күнделікті жеңі ұзын жейде (блузка);

шалбар (белдемше);

күнделікті галстук;

қара түсті шалбарға тағатын белбеу;

қара түсті (туфли) қысқа қонышты бәтеңке.

Барлық курсанттар үшін:

күнделікті фуражка/ жазғы кепи (бейсболка);

жеңі ұзын/қысқа күнделікті костюм;

күнделікті/ақ түсті футболка;

қара түсті шалбарға тағатын белбеу;

қара түсті (туфли) қысқа қонышты бәтеңке.

2) маусымдық (1-қосымша 25, 26-суреттер):

маусымдық кепи (бейсболка);

маусымдық күрте;

ұзын жеңді күнделікті костюм;

күнделікті/ақ түсті футболка;

қара түсті шалбарға тағатын белбеу;

қара түсті (туфли) қысқа қонышты бәтеңке.

3) қысқы (1-қосымша 27, 28-суреттер):

жылы құлақшын;

жылы күрте;

ұзын жеңді күнделікті костюм/пуловер;

күнделікті/ақ түсті футболка;

қара түсті шалбарға тағатын белбеу;

қара түсті биялай;

қара түсті жылы (қысқа қонышты етік) бәтеңке.

10-параграф. Арнайы киім нысаны

30. Арнайы киім нысаны жоғары басшы құрамды қоспағанда, ПО-ның барлық қызметкерлеріне қолданылады.

1) жазғы (1-қосымша, 43-сурет):

- бүркеніш түсті жазғы костюм;

- ұзын қонышты бәтеңке.

2) қысқы (1-қосымша, 44-сурет):

- бүркеніш түсті қысқы костюм;

- ұзын қонышты жылы бәтеңке.

3-тарау. ПО қызметкерлерінің нысанды киімінің айырым белгілері

1-параграф. Погондардың сипаттамасы

31. Жоғары басшы құрамға арналған погондар:

1) мақсаты бойынша – парадтық, күнделікті және арнайы киім нысаны үшін;

2) конструкциясы бойынша – қатты және жұмсақ;

3) бекіту тәсілі бойынша – жапсырмалы, алмалы-салмалы және муфталарда болып бөлінеді.

32. Погондардың өлшемдері:

1) жапсырмалы және алмалы-салмалы – ұзындығы 13 см, ені 5 см;

2) муфталарда – жоғарғы шеті бойынша ені 5 см, төменгі жоғарғы шеті бойынша – 5,5 см, генерал-майор және генерал-лейтенант үшін погондардың ұзындығы – 10 см, генерал-полковник үшін – 11 см.

33. Погонның жиегінде ұлттық ою-өрнек суреттері көзделген. Суреттердің түрлері, фондық реңк және погондардың сәндік элементтері погондардың мақсаты мен конструкциясына байланысты. Қатты погондарда диаметрі 14 мм нысанды түймелер, погонның жоғарғы шетінен түйменің ортасына дейін 15 мм қашықтықта орналастырылады.

34. Погондардың түрлері:

1) күнделікті жейдеге қатты, алмалы-салмалы (1-қосымша, 45-сурет);

2) ақ түсті жейдеге қатты, алмалы-салмалы (1-қосымша, 46-сурет);

3) күнделікті қатты, алмалы-салмалы (1-қосымша, 47-сурет);

4) күнделікті қатты, жапсырмалы (1-қосымша, 48-сурет);

5) қара-көк түсті мундирге, пальтоға арналған парадтық қатты, жапсырмалы (1-қосымша, 49-сурет);

6) сарғыш түсті мундирге арналған парадтық қатты, жапсырмалы (1-қосымша, 50-сурет);

7) күнделікті погон-муфталар, жұмсақ (1-қосымша, 51-сурет);

8) арнайы погон-муфталар, жұмсақ (1-қосымша, 52-сурет).

35. Погондардың төменгі бөлігінде алтын жалатылған мишура мен жібекпен кестеленген, қызыл жіппен жиектелген алтын түсті қалықтаған қыран орналастырылады. Қыранның басының бейнесі нысанды киімнің алдыңғы жағына бағытталған. Погондардың төменгі жиегінен қыранның төменгі жиегіне дейінгі қашықтық 8 мм. Погондар жиегінің периметрі бойынша алтын түсті жиек, погондардың жиегі бойынша қызыл түсті жиектерінің ені – 2 мм болып көзделген.

36. Погондар жиегінің периметрі бойынша жапсырмалы погондар алтын жалатылған канительден жасалған жиекпен орындалады. Погонның жиектерінің түстері:

1) парадтық киім нысаны үшін – қара-көк түсті мундир, сұр түсті қаракөл жағасы бар парадтық пальто үшін - алтын және сарғыш түсті мундир үшін – сарғыш;

2) қара көк түсті – күнделікті киім нысаны үшін.

37. Артқы жағындағы алмалы-салмалы погондар погондарды бекітуге арналған белдікпен және ілгішпен жабдықталған. Алтын жалатылған канительден жасалған жиек погонның жиегінің периметрі бойынша тек күнделікті алмалы-салмалы погондарда ғана қарастырылған. Погон жиектерінің түстері:

1) қара көк түсті – күнделікті киім нысаны үшін және ақшыл-сұр түсті жейдеге;

2) ақ түсті – ақ түсті жейдеге.

38. Погон-муфталар матадан жасалады және тиісінше тек қара көк және бүркеніш түсті пуловер мен арнайы киім нысаны үшін қарастырылады. Қара көк түсті погондарда погондардың шетінде қызыл түсті жиек, бүркеніш түсті погондарда – қорғаныш түсті жиек қарастырылған, жиектердің ені – 2 мм.

39. ПО қызметкерлері үшін погондар (жоғары басшы құрамды қоспағанда):

- 1) мақсаты бойынша – парадтық, күнделікті және арнайы киім нысаны үшін;
- 2) конструкциясы бойынша – қатты және жұмсақ;
- 3) бекіту тәсілі бойынша – жапсырмалы және муфталар болып бөлінеді.

40. Погондардың өлшемдері:

- 1) жапсырмалы – ұзындығы 13 см, ені 5 см;
- 2) муфталарда – ені 5 см, ұзындығы – 10 см.

41. Погондардың жиегінде ұлттық ою-өрнек элементтері мен жиектер қарастырылған. Погондардың фондық реңкі мен сәндік элементтері погондардың мақсаты мен конструкциясына байланысты болады. Қатты погондардың жоғарғы бөлігінде погонның жоғарғы шетінен эмблеманың ортасына дейінгі 23 мм қашықтықта ПМ эмблемасы орналастырылады.

42. Погондардың түрлері:

- 1) парадтық қатты, жапсырмалы (1-қосымша, 53, 54 -суреттер);
- 2) парадтық погон-муфталары, жұмсақ (1-қосымша, 55, 56, 57-суреттер);
- 3) күнделікті қатты, жапсырмалы (1-қосымша, 58, 59, 60-суреттер);
- 4) күнделікті погон-муфталар, жұмсақ (1-қосымша, 61, 62, 63-суреттер);
- 5) арнайы погон-муфталар, жұмсақ (1-қосымша, 64, 65, 66-суреттер).

43. Погонның периметрі бойынша қатты погондарда шетінен 1,5 мм қашықтықта ені 3 мм (парадтық погондарда – алтын түстес, күнделікті погондарда – күміс түстес) жиек жасалады. Погондарда ені 4 мм бойлық жолақтар, сондай-ақ ұзындығы 30 мм көлденең жолақтар орналастырылады. Көгілдір түсті қатпарланған жолақтар.

44. Парадтық және күнделікті қатты, жапсырмалы погондар тиісінше парадтық мундирлермен және күнделікті кительдермен киіледі. Бекіту әдісі – тігіспен.

45. Парадтық погон-муфталар ұзын және қысқа жеңді ақ түсті жейделермен ғана киіледі.

46. Күнделікті погон-муфталар арнайы погон-муфталар киілетін мундирлерді, кительдерді және бүркеніш костюмдерді қоспағанда, нысанды киім заттарымен киіледі.

2-параграф. Жең және кеуде жапсырмалары үлгілерінің сипаттамасы

47. Ішкі істер министрінің жең белгісі диаметрі 82 мм шеңбер нысанындағы тығыз негіздегі матадан тігілген шеврон болып табылады. Ортаңғы бөлігінде ішінде диаметрі 40,0 мм Қазақстан Республикасы ПМ эмблемасы болатын диаметрі 50,0 мм шеңбер орналасқан. Ішкі шеңбердің жоғары жағында "QAZAQSTAN RESPYBLIKASY", төменгі жағында "ISHKI ISTER MINISTRI" деген жазу бар, әріптердің өлшемі 4x5 мм (ені мен биіктігі). Шеврондар оң жақтағы жеңге иық тігісінен 8 см қашықтықта тігіледі:

- 1) күнделікті үшін – алабы қара көк түсті (1-қосымша, 88- сурет);
- 2) парадтық үшін – қара-көк түсті мундир, сұр түсті қаракөл жағасы бар парадтық пальто үшін алабы алтын түсті (1-қосымша, 89-сурет) немесе – сарғыш түсті мундир үшін алабы сарғыш түсті (1-қосымша, 90-сурет);

3) арнайы – жиегі бүркеніш түсті (1-қосымша, 91-сурет).

48. Жоғары басшы құрамның жең белгісі диаметрі 82 мм шеңбер нысанындағы тығыз негіздегі матадан тігілген шеврон болып табылады. Ортаңғы бөлігінде диаметрі 40 мм Қазақстан Республикасының елтаңбасы орналастырылады. Бүркеніш түсті плащ-жамылғыны қоспағанда, барлық сыртқы киімдерге тігілетін ішкі шеңбердің жоғары жағында "QAZAQSTAN RESPYBLIKASY", төменгі жағында "ISHKI ISTER MINISTRI" деген жазу бар, әріптердің өлшемі 4x5 мм (ені мен биіктігі). Шеврондар сол жақтағы жеңге иық тігісінен 8 см қашықтықта тігіледі.

49. Парадтық және күнделікті киім нысандарындағы шеврондарда әріптердің түсі алтын түстес, арнайы киім нысаны үшін – қара түсті.

50. Жоғары басшы құрамның шеврондары тиесілігі бойынша мынадай киім нысанына бөлінеді:

1) күнделікті – жиегі қара көк түсті (1-қосымша, 92-сурет);

2) парадтық – қара-көк түсті мундир, сұр түсті қаракөл жағасы бар парадтық пальто үшін алабы алтын түсті (1-қосымша, 93-сурет) немесе сарғыш түсті мундир үшін алабы сарғыш түсті (1-қосымша, 94-сурет);

3) арнайы – жиегі бүркеніш түсті (1-қосымша, 95-сурет).

51. Парадтық және күнделікті киім нысанына арналған шеврондардың сыртқы жиегінде қызыл түсті жиек, ішкі периметрі бойынша ені 2 мм алтын жалатылған канительден жасалған жиек болады. Шевронның ортасында шеңбер нысанында диаметрі 40,0 мм, көгілдір түсті фондағы және алтын жалатылған канительден жасалған, ені 2 мм алтын түсті Қазақстан Республикасының елтаңбасы орналастырылады.

52. Арнайы киім нысанына арналған шевронның сыртқы жиегінде қорғаныш түсті жиек, ішкі периметрі бойынша ені 2 мм қара түсті жиек болады. Шевронның жиек шетінде қорғаныш түсті айшықты бидай масағы бейнеленеді. Шевронның ортасында шеңбер нысанында диаметрі 4 см, қорғаныш түсті фондағы қара түсті және ені 2 мм қара түсті қоршауы бар Қазақстан Республикасының елтаңбасы орналастырылады.

53. Нысанды киімдегі төсбелгілер арнайы киім нысаны кезінде ғана көзделген. Оң қалтаның үстіне "QAZAQSTAN" жапсырмасы, сол жақ қалтаның үстіне – "POLISIA" жапсырмасы бекітіледі. Матадан тігілген жапсырмалар қорғаныш түсті, ені – 3,5 см және ұзындығы – 13 см. Әріптердің (сандардың) түсі – қара, биіктігі – 17 мм. Күртелердің қалталарының үстіне орнатылған "вилькро" лентасына жапсырмалар бекітіледі.

Патрульдік полиция қызметкерлерінің, учаскелік полиция инспекторларының және ПО сыртқы қызметтерінің күнделікті костюмдерінде күртешенің/жейденің сол жақ алдыңғы бөлігінде клапанның жоғарғы жиегіненің үстінде сұр түсті "POLISIA" жапсырмасы орналастырылады, өлшемі 13,3*3,7 см, Arial қарпі, әріптердің биіктігі 2,4 см, әріптердің қалыңдығы 0,7 см, жақтаудың қалыңдығы 0,4 см.

54. ПО қызметкерлерінің негізгі жең белгісі (жоғары басшы құрамды қоспағанда) диаметрі 82 мм шеңбер нысанындағы тығыз негіздегі матадан тігілген шеврон болып табылады. Ортаңғы бөлігінде диаметрі 50 мм шеңбер, оның ішінде диаметрі 40 мм Қазақстан Республикасы ІІМ эмблемасы салынған. Ішкі шеңбердің жоғары жағында "QAZAQSTAN RESPYBLIKASY", төменгі жағында "ISHKI ISTER MINISTRLLIGI" жазуы жазылады, әріптердің өлшемі 4x5 мм (ені мен биіктігі). Шеврондардың ішкі жақ ені 3 мм көгілдір түсті жиек жасалады.

55. ПО қызметкерлерінің шеврондары (жоғары басшы құрамды қоспағанда) киім нысанына тиесілігі бойынша күнделікті (1-қосымша, 96-сурет), парадтық мундирге (1-қосымша, 97-сурет), парадтық ақ түсті жейдеге (1-қосымша, 98-сурет) және арнайы (1-қосымша, 99-сурет) киім нысанына арналған шеврондарға бөлінеді.

56. Күнделікті және парадтық шеврондардың орта бөлігінде 50 мм шеңбер орналасқан, шеңбердің сыртқы жиегінде ені 2 мм күміс түсті жиек (күнделікті), ені 2 мм алтын түсті жиек (парадтық), ішкі жиегі бойынша ені 2 мм қанық көгілдір түсті жиек жасалған. Шеңбердің ортасында диаметрі 40 мм алтын түсті Қазақстан Республикасы ІІМ эмблемасы орналасқан.

57. Арнайы шеврондарда сондай-ақ диаметрі 52 мм сондай шеңбер орналасқан, шеңбердің сыртқы жиегі ені 2 мм қорғаныш түспен, ішкі жиегі бойынша ені 2 мм қара жасыл түспен айналдыра оралған. Шеңбердің ортасында диаметрі 40 мм қорғаныш түсті Қазақстан Республикасы ІІМ эмблемасы орналасқан.

58. Парадтық киім нысаны үшін және ақ түсті жейдеге арналған шеврондарда әріптердің түсі алтын түсті, күнделікті киім нысаны үшін – күміс және арнайы киім нысаны үшін – қорғаныш түсті болады.

59. Парадтық және күнделікті киім нысанына арналған шевронның жиегі қара-көк матадан, ақ түсті жейдеге – ақ түсті, сондай-ақ арнайы киім нысанына – бүркеніш түсті матадан орындалады.

60. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің жең белгілері диаметрі 82 мм матадан тігілген шеврон болып табылады (1-қосымша, 100-сурет). Шевронның қара көк түсті жиегі ортасында диаметрі 60 мм алтын түстес шеңбер орналасқан, оның ішінде үш найзасы бар дөңгелек қалқан бейнеленген, оның астында қалықтаған бүркіт алтын түсте бейнеленген. Шеврондар жиегінің жоғарғы бөлігінде "QAZAQSTAN" жазуы бар, латын әріптердің өлшемі 5x7 мм (ені мен биіктігі), алтын шеңбердің астында шеңберге симметриялы "QYLMYSTYQ-ATQARY JUIESI" жазуы бар, латын әріптердің өлшемі 4x5 мм (ені мен биіктігі) түсі – күміс. Шевронның жиегі көгілдір түсті, ені 3 мм.

Шеврон оң жақ жеңге иық тігісінен 8 см қашықтықта тігіледі.

61. Учаскелік полиция инспекторларына, патрулдік полиция, сыртқы қызмет қызметкерлері үшін көзделген ПО қызметкерлері үшін (жоғары басшы құрамды қоспағанда) өңірлік жең белгісі диаметрі 81 мм матадан тігілген шеврон болып

табылады (1-қосымша, 101-сурет). Шеврондардың қара көк түсті жиегі ортасында диаметрі 60 мм алтын түсті шеңбер орналасқан, оның ішінде негізгі нысандағы түстер палитрасында жасалған қалалардың елтаңбалары бейнеленген. Шеңбердің айналасына биіктігі 5-6 мм жазулар латын әріпінің бас әріптерімен жазылады, түсі – күміс. Екі жағындағы жазулар ұлттық ою-өрнекпен бөлінген. Шевронның жиегі көгілдір түсті, ені 3 мм.

62. Нысанды киімдегі төсбелгілер патрульдік полиция қызметкерлерінде, учаскелік полиция инспекторларында және ПО сыртқы қызметінде көзделген. Диаметрі 90 мм сия көк түсті шеңбер түріндегі тоқыма жапсырмалар түріндегі төсбелгілер орналасқан. Тоқыма жапсырмаларының ортасында осы қызметтердің эмблемаларының бейнелері орналасқан. Жапсырмалар оң жақ сөренің кеуде деңгейінде сол жақ сөреде орналасқан алмалы-салмалы "POLISIA" жазуының ортасына симметриялы орналастырылады (1-қосымша, 102-сурет).

3-параграф. Нысанды киім заттарындағы айырым белгілері үлгілерінің сипаттамасы

63. Жоғары басшы құрамның нысанды киім заттарында мынадай айырым белгілері көзделген.

64. Фуражкаларда:

1) Парадтық фуражканың төбесіндегі жапсырманың диаметрі 5 см шеңбер түрінде Қазақстан Республикасының елтаңбасы бейнеленген алтын түстес канительмен көмкерілген жапсырмасы матадан тігілген. Фондағы реңі көгілдір түсті. Төбесінің алдыңғы жағының жоғарғы бөлігіне ортасында бекітіледі (1-қосымша, 103-сурет);

2) кестеленген жиектегі кокарда – биіктігі 4 см және ені 3,5 см алтын түстес дөңес сопақша розетка түріндегі металл, тұтастай қалыпталған. Кокарданың ортасында қара көк фондағы алтын түстес ПО эмблемасы бедерлі бейнеленген. Эмблема жиекпен айналдыра қоршалған. Кокарданың жиегінен шетіне дейін беті гофрленген және жылтыратылған. Эмблемадағы қалқан көгілдір эмальмен қапталған. Кокарданың айналасында екі жағынан симметриялы түрде кокардадан таралатын екі лавр бұтағының бейнесі алтын канительмен кестеленген. Кокарда алдыңғы жағына клямермен бекітіледі (1-қосымша, 104 –сурет);

3) күнделікті фуражканың төбесіндегі кестеленген жапсырма – алтын түстес ПО эмблемасы бейнеленген алтын канительмен көмкерілген, жапсырмасы матадан тігілген. Эмблема айналдыра оралған. Кокарданың айналасы кокардадан симметриялы екі жаққа тарайтын екі лавр бұтағының бейнесі алтын канительмен кестеленеді (1-қосымша, 105-сурет), сондай-ақ күнқағардың шеттері әрленіп орындалады (1-қосымша, 105 а-сурет);

4) зерленген лента – ені 15 мм алтын түстес. Шеңбердің алдыңғы жағының төменгі жақтағы бүйіріне 14 мм нысанды түймелерге ілмекпен бекітіледі (1-қосымша, 106-сурет);

5) күнқағарға кесте тігу – күнқағардың алдыңғы жағы және шеттері металданған алтын канительмен тігілген. Күнқағардың алдыңғы жағының барлық ұзындығы шетінен ортасына қарай симметриялы бағытталған лавр бұтақтарының бейнесі кестеленеді, сондай-ақ күнқағардың шеттері әрленіп орындалады. Парадтық фуражкаға көзделген (1-қосымша, 107-сурет).

65. Кепиге:

1) алдыңғы қабырғадағы жапсырма – диаметрі 6 см ПО эмблемасы бейнеленген шеңбер нысанындағы жапсырма матадан тігілген. Қорғаныш түсті бүркеніш кепидегі жапсырманың фондағы реңі және көмкермесі, алтын түстес металл және жібек жіптердің комбинациясына негізделген жазғы кепиде (бейсболкада) кестелеу әдісімен орындалған.

Жапсырма кепидің алдыңғы қабырғасының ортасына бекітіледі (1-қосымша, 108-сурет);

2) геометриялық сызықтардан кестелеп тігілген ені 15 мм лента кепидің алдыңғы қабырғасының төменгі бөлігіне тігіледі. Кесте тігістің түсі қорғаныш және алтын түсті (1-қосымша, 109-сурет), фон негізгі бұйымға ұқсас;

3) күнқағарға кесте тігу – күнқағардың алдыңғы жағының барлық ұзындығы бойынша шетінен ортасына қарай симметриялы бағытталған лавр бұтақтарының бейнесін кестелеу. Кестенің түсі қорғаныш түсті (1-қосымша, 110-сурет).

66 Жоғары басшы құрамның және полковниктердің қысқы бас киімдерінде алтын түстес, биіктігі 4 см және ені 3,5 см дөңес сопақша розетка түрінде металл, тұтастай көмкерілген кокарда көзделген. Кокарданың ортасында қара көк фонда алтын түстес ПО эмблемасы бедерлі бейнеленген. Эмблема жиекпен қоршалған. Кокарданың жиегінен шеттеріне дейін беті гофрленген, жылтыратылған. Эмблемадағы қалқан көгілдір эмальмен қапталған (1-қосымша, 111-сурет).

67. Мундирлер мен китель жеңдерінің жағалары мен қаптамаларында алтын жалатылған канитель және мишурадан жасалған лавр бұтақтарының бейнесін кестелеу көзделеді, атап айтқанда:

1) (қара-көк түсті) парадтық мундирдің жағасында лавр бұтақтары, сондай-ақ қызыл түсті тігілген жиекке параллель жағада орналасқан, алтын жалатылған канительден кесте тігіледі (1-қосымша, 112-сурет);

2) (сарғыш түсті) парадтық мундирдің жағасында лавр бұтақтарының негіздері борттық бекіткішке бағытталған, сондай-ақ алтын жалатылған канительден тігілген қызыл түсті жиекке параллель алтын жалатылған канитель кесте тігіледі (1-қосымша, 113-сурет);

3) күнделікті кительдің жағасында лавр бұтақтарының негіздері қайырмаалардың шеттеріне бағытталған (1-қосымша, 114-сурет);

4) жеңдер қаптамаларындағы лавр бұтақтарының бейнесі парадтық мундирлерде алтын жалатылған канительден тігілген қаптамадағы қызыл түсті қаптамаға параллель орындалады (1-қосымша, 112, 113-суреттер).

68. ПО қызметкерлерінің (жоғары басшы құрамды қоспағанда) бас киімдерінде (фуражкалар, кепилер (бейсболкалар) және жылы құлақшындарда диаметрі 60 мм алтын түстес Қазақстан Республикасы ІІМ эмблемасы түріндегі кокарда көзделген. Жиектердің негізгі түсі – сия-көк. Кокарданың жиегі көгілдір түсті ені 3 мм (1-қосымша, 115-сурет).

69. ПО қызметкерлерінің (жоғары басшы құрамды қоспағанда) мундирлері мен кительдерінің жағаларына ілмектер орналастырылады. Ілмектер жоғарғы бөлігінде дөңгелектелген, биіктігі 50 мм үшбұрыш түрінде мата әдісімен дайындалады. Ілмектердің ортасында биіктігі 30 мм алтын түстес Қазақстан Республикасы ІІМ эмблемасы орналасқан. Ілмектердің жиегінің негізгі түсі – сия-көк. Ілмектердің жиегі көгілдір түсті, ені 3мм (1-қосымша, 116-сурет).

4-параграф. Нысанды киімдегі айырым белгілерінің сипаттамасы

70. Парадтық белдікке арналған ілмек металл қорытпасынан жасалады және сопақша пішінге ие. Ілмек және ондағы барлық нышандар – алтын түстес. Жоғары басшы құрам үшін ілмектің ортасында Қазақстан Республикасы Елтаңбасының, ПО қызметкерлері үшін ПО эмблемасының бедерлі бейнесі орналасқан (1-қосымша, 117-сурет).

71. Галстукке арналған алтын түсті қысқыш түсті металлдардың құйындысынан жасалады. Қысқыштың ортасында Қазақстан Республикасы ІІМ эмблемасы орналастырылады (1-қосымша, 117 а-сурет).

72. Жоғары басшы құрамға арналған аксельбанттың екі ұштығы болады (1-қосымша, 118-сурет) және бір ұштығы ПО қызметкерлеріне арналған (1-қосымша, 119-сурет) және алтын түстес жезден жасалған, пішіні конус тәрізді, біркелкі ұзартылған, жоғарғы бөлігінің қалыңдығы – 10 мм, төменгісі – 2 мм. Ұштығының ұзындығы 9 см, оның ұштығы мен баудың қосылуын жасыратын жылжымалы сақинаның ұзындығы 1,5 см. Бауды ұштықпен жалғау оларды ұштықтың ішіне бекіту жолымен жүзеге асырылады, баудың кіруі ұштықтың төменгі жағынан 8,5 см басталады.

73. Жоғары басшы құрамның арнаулы атақтарында погондарда кестеленген жұлдыздар көзделген (1-қосымша, 120-сурет).

74. Жоғары басшы құрамның жұлдыздарының көлемі диаметрі 22 мм құрайды. Жұлдыздың пішіні бес бұрышты, кестелердің түсі алтын, ал арнайы киім нысанындағы погондарда – қара. Кестелеп тігу алтын жалатылған жіппен орындалады және қызыл түсті жібек жіппен көмкеріледі, арнайы киім нысанындағы баспа погондарда кестелеп тігу ақ түсті жиегі бар қара түсте болады.

75. Жоғары басшы құрамның погондарында жұлдыздар тиісінше берілген арнаулы атаққа сәйкес мынадай санда және тәртіппен:

1) генерал-майор – бір жұлдыз, погонның төменгі шетінен жұлдыздың ортасына дейін 55 мм қашықтықта;

2) генерал-лейтенант – екі жұлдыз, біріншісі жоғарыдан погонның төменгі шетінен жұлдыздың ортасына дейін 55 мм қашықтықта, жұлдыздардың ортасы арасындағы қашықтық 25 мм;

3) генерал-полковник – үш жұлдыз, біріншісі жоғарыдан – погонның төменгі шетінен жұлдыздың ортасына дейін 80 мм қашықтықта, жұлдыздардың ортасы арасындағы 25 мм қашықтықта орналастырылады.

76. ПО қызметкерлерінің погондарында (жоғары басшы құрамды қоспағанда) аға басшы құрам үшін диаметрі 18 мм және орта басшы құрам үшін диаметрі 14 мм баспа жұлдыздары жазылады. Қатардағы және кіші басшы құрамның погондарында биіктігі тар 7 мм және кең 10 мм жолақтар қолданылады.

77. ПО қызметкерлері мен курсанттардың погондарында жұлдыздар мен өзге де элементтер берілген арнаулы атаққа сәйкес орналастырылады (1-қосымша, 67-87-суреттер).

78. Жұлдыздардың пішіні бес бұрышты, қолдану құрылымы үш өлшемді. Күнделікті погондардағы жұлдыздардың түсі – күміс, парадтық және ақ түсті жейдеде – алтын түстес, арнайы – қара.

